



**2025-2026 оқу жылына арналған
«Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК-на қабылдау ережелері**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 63) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 қаулысымен бекітілген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде қабылдау квотасының мөлшерлерін бекіту туралы қаулыға; сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 185 бұйрығымен бекітілген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай ауыл шаруашылығы колледжіне жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.
2. ТЖКОББ ұйымдарына оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26 бабының 8 тармағында айқындалған адамдарды қабылдау көзделеді. Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 261 бұйрығымен бекітілген.
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде келесі санаттар үшін қабылдау квотасы көзделген:
 - 1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысқан ардагерлер, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген жеңілдіктері бар ардагерлер;
 - 2-1) Қазақстан Республикасының белгіленген мерзімдегі әскери қызметін өткерген азаматтары;
 - 3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін ауыл жастары қатарындағы азаматтар;
 - 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қазақ ұлтының өкілдері;
 - 5) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасы жастары арасындағы азаматтар;
 - 6) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтары;
 - 7) төрт немесе одан да көп кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар;
 - 8) осы мәртебеге кемінде үш жыл ие болған толық емес отбасылардан шыққан балалар;
 - 9) бала кезінен мүгедек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар.
4. Арнаулы мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдгерлік қызмет қызметкерлерінің, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) немесе мертігуі (жаралануы, жарақаттануы, контузия алуы) салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілердің, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің балаларын (оның ішінде асырап алған ұлдарын, асырап алған қыздарын, бірге тұратын өгей ұлдары мен өгей қыздарын) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысы беріліп және (немесе) білім беру гранты беріле отырып, олардың өтініші негізінде конкурстан тыс жүзеге асырылады.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі

5. «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК оқуға өтініштерін қабылдау, әңгімелесуді өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледж басшысының бұйрығымен 10 маусымнан кешіктірмей тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелері ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылар жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) және қабылдау емтихандарының даярлығын, жүргізілуін ұйымдастырады, жазбаша емтихан жұмыстарының шифрленуін және де шифрленуін жүргізеді.

Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып ұйымдастырады.

ТЖКОББ ұйымының қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саладағы уәкілетті органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар) білім беруді басқару органдарының (бұдан әрі – Білім басқармасы) келісімі бойынша шешіледі.

6. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ТЖКОББ ұйымына білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, рухани (діни) білім беру ұйымдарына, сондай-ақ техникалық және кәсіптік (жұмыс біліктілігі), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсушілерді мамандықтың бейініне сәйкес оқуға қабылдау ТЖКОББ ұйымының жобалық мүмкіндігін ескере отырып, тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Жобалық мүмкіндік "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және

кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29323 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 381 бұйрық) бекітілген Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.

Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК мемлекеттік тапсырыс бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

7. Өтініштерді қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу, конкурс және тұлғаларды бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде ақылы негізде оқуға қабылдау осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8. Тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау жүзеге асырылады:

1) Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына: мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында, ақылы негізде 25 маусымы мен 25 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 15 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуді алушылар мемлекеттік қызметті Колледжде немесе "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырады. Құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес негізгі талаптар тізбесіне және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметінің стандартына сәйкес ұсынылады.

10. Қажет болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "бір өтініш" қағидаты бойынша "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алуға құжаттарды беру кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" және "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алу үшін өтініш бере алады.

11. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Тізбеде келтірілген.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

14. Құжаттарды Портал арқылы тапсырған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында не тікелей көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде дәлелді бас тартуды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қағаз жеткізгіште көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

17. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға ТжКОББ ұйымдарына құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жолдайды.

18. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

19. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

20. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

21. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер "Ұлттық білім беру деректер базасы" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ҰБДБ) тіркеледі.

22. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік (жұмысшы біліктілік), орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар орта буын мамандықтарына түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

23. Кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша ТжКОББ ұйымдарына түсетін талапкерлерді іріктеу кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) өкілдерінің қатысуымен ТжКОББ ұйымының қабылдау комиссиясы өткізген әңгімелесудің қорытындылары бойынша жүргізіледі.

24. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

25. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауға оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға бөлінген орындардың санынан асып кеткен жағдайда, оқуға қабылдау осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ № 261 бұйрыққа сәйкес квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

26. Осы Ереженің 9 тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар қабылдау комиссиясына тиісті құжатты күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін ұсынады.

27. Осы Ережелердің 6-тармағында көрсетілген талапкерлерді қабылдау комиссиясы 25 маусымынан бастап тізімге енгізіп, қабылдау квотасына жататын тұлғаларды, орташа конкурстық балды көрсете отырып, колледждің веб-сайтына орналастырады және күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

28. ТжКОББ ұйымында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды оқуға қабылдау мамандықтар мен біліктіліктерге медициналық-әлеуметтік сараптаманы (медициналық анықтаманы) ескере отырып жүзеге асырылады. Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын ескере отырып жүргізіледі.

29. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар (білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарын қоспағанда) күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап Білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы ерікті негізде кәсіптік диагностикадан (сауалнама) өтеді.

30. Кәсіби диагностиканың қорытындысы бойынша талапкерге мамандықтар мен ұсынылатын мамандықтар бойынша кәсіптер картасын алуға ұсынымдар беріледі. Кәсіби диагностиканың қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

31. Орта буын маманы және қолданбалы бакалавр біліктіліктері бойынша Конкурсқа бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім негізінде оқуға түсуші тұлғалар, сондай-ақ білікті жұмысшы кадрларды даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын аяқтаған тұлғалар қатысады.

32. Конкурсқа қатысу үшін негізгі орта білім негізінде оқуға түсушілер өтініштерін осы жылдың 18 тамызына дейін, ал жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім негізінде түсушілер – 20 тамызға дейін осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес тапсырады.

33. Конкурсқа өтініш беру кезінде талапкерлер: жергілікті атқарушы органдар (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) бекіткен төртке дейінгі мамандықты, қажет болған жағдайда – біліктілікті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия бекіткен төртке дейінгі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымын (ТЖКОББ), оқыту тілін (қазақ, орыс немесе ағылшын), білім деңгейін тандай алады.

34. Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды 26 тамызға дейінгі күнтізбелік күнтізбелік жылдың 26 тамызына дейін мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, ҰБДБ ақпараттық жүйесіне тіркейді.

35. Конкурс ҰБДҚ ақпараттық жүйесі арқылы міндетті және бейінді пәндер бойынша білім туралы құжаттағы орташа конкурс балын және қабылдау квотасын ескере отырып, талапкерлерді автоматтандырылған түрде бөлу жолымен жүзеге асырылады.

36. Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді ҰБДБ ақпараттық жүйесі жүзеге асырады.

37. Конкурс өткізу мерзімдері: негізгі орта білім базасында мемлекеттік тапсырыс Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, жалпы орта білім беру, ТЖКОББ базасында күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында, ақылы негізде 26-28 тамызы аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 29 шілде мен 2 тамызы аралығында өткізіледі.

38. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес айқындалады.

39. Бұл көрсеткіш осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес есептеледі. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) олардың жалпы санына осы Қағидаларға 4,- қосымшаларда көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

40. Бағалардың орташа балының қалыптасуы:

Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) олардың жалпы санына осы Қағидаларға 4- қосымшада көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады.

$СКБ = (ОП1/ОД1 + ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2) / КО,$
Мұнда: ОП1/ОД1 – міндетті 1 пәннің бағасы;
ПП1/ОД1-бірінші бейіндік пәннің бағасы;
ПП2/ОД2- екінші бейіндік пәннің бағасы;
БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі, ТЖКОББ бар түсушілер үшін – төрт пән: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$СКБ = (ОП1/ОД1 + ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2) / КО,$
Мұнда: ОП1/ОД1-бірінші міндетті пәннің бағасы;
Мұнда: ОП2/ОД2 – екінші міндетті пәннің бағасы;
ПП1/ОД1-бірінші бейіндік пәннің бағасы;
ПП2/ОД2- екінші бейіндік пәннің бағасы;
БС-бағалар саны;

мамандық бейініне сәйкес келмейтін медициналық мамандықтарға түсетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – мамандық бейіні бойынша екі пәннің бағаларынан:

$СКБ = (ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2) / КО,$
Мұнда: ПП1/ПД1 – бірінші бейіндік пәннің бағасы;
ПП2/ПД2– екінші бейіндік пәннің бағасы;
БС-бағалар саны;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімдері бар, мамандық бейініне сәйкес келмейтін тұлғалар үшін – төрт пән бойынша: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы), профильдік пәндер және/немесе шығармашылық және/немесе арнайы емтихандардың бағалары (педагогикалық мамандықтар мен шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша):

$СКБ = (ОП1/ОД1 + ОП2/ОД2 + ПП1/ПД1 + ПП2/ПД2 + бар болса) / КО,$
Мұнда ОП1/ОД1 – бірінші міндетті пәннің бағасы;
ОП2/ОД2 – бірінші бейіндік пәннің бағасы;
ОП2/ОД2 – екінші бейіндік пәннің бағасы;
БС-бағалар саны;

41. Орташа конкурстық балл тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 261 бұйрыққа сәйкес квота санаты ескеріледі.

42. Басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген міндетті және бейінді пәндер болмаған кезде міндетті және бейінді пәндердің тізбесін ҰБДБ ақпараттық жүйесі арқылы ТжКОББ ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.

43. ҰБДБ ақпараттық жүйесі автоматтандырылған түрде бөлу нәтижелерін білім басқармаларына жолдайды: Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша жинақталмаған топтар (өнер және мәдениет, денсаулық сақтау мамандықтарын қоспағанда кемінде 15 адам), қамтылмаған талапкерлер болған жағдайда, күнтізбелік жылдың 29 тамызына дейін № 381 бұйрыққа сәйкес мамандықтар мен ТжКОББ ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

ҰБДБ ақпараттық жүйесі автоматты түрде бөлу арқылы білім басқармаларына ТжКОББ ұйымдарына қабылдау үшін талапкерлерді бөлу қорытындыларын:

білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ТжКОББ ұйымдарында оқу үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

кәсіпорындардың өтінімдері, сондай-ақ арнайы оқу бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау үшін әңгімелесуден сәтті өткен адамдардың тізімін;

орта буын және қолданбалы бакалавр мамандықтары бойынша оқуға конкурстан өткен адамдардың тізімін жібереді.

44. Білім басқармасы негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында Конкурс қорытындыларын ресми интернет-ресурстарда күнтізбелік жылдың 23 тамызында, жалпы орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында күнтізбелік жылдың 25 тамызында жариялайды, сондай-ақ талапкерлерді Порталдың 1414 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы SMS хабарламамен Конкурс қорытындылары туралы хабардар етеді.

45. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына-күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына-күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;

46. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына-күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін әңгімелесу нәтижелері бойынша;

2) оқудың кешкі нысанына-негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

Орта буын мамандарды даярлауға арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ТиППО ұйымы басшысының бұйрығымен, қабылдау комиссиясы хаттамасына сәйкес жүзеге асырылады:

1) күндізгі бөлімге – 31 тамызға дейін;

2) кешкі және сырттай бөлімдерге – 30 қыркүйекке дейін;

3) мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органға қарасты ТиППО ұйымдарына – 10 тамызға дейін;

4) кәсіпорындардың өтінімдері бойынша – 18 тамызға дейін.

47. Күндізгі бөлімде орта буын мамандар дайындайтын және білікті жұмысшы кадрлар даярлайтын талапкерлерге қабылдау нәтижелері колледж қабылдау комиссиялары тарапынан 31 тамызға дейін, кешкі және сырттай бөлімдерге – 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стендтерде және колледждің интернет-ресурстарында жарияланады.

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімнің
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі "Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"		
1	Қызмет көрсетушінің атауы:	Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдары (әрі қарай – қызмет көрсетуші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері:	1. Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында тікелей. 2. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы: www.egov.kz (әрі қарай – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі Құжаттар пакетін қызмет көрсетушіге тапсыру сәтінен бастап техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша орта деңгейдегі мамандар мен қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін білім алушылар үшін: 1) Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша, білікті жұмысшы кадрларды даярлауға арналған арнайы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарына және қылмыстық-атқару жүйесінің түзету мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына түсу үшін — 25 маусымнан 25 тамызға дейін, кешкі оқу формасы бойынша — 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін. 2) Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша орта деңгейдегі мамандар мен қолданбалы бакалаврларды даярлауға арналған: мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу формасы — негізгі орта білім базасында 25 маусымнан 18 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі "Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"		
		білім базасында 25 маусымнан 20 тамызға дейін; ақылы негізде — 25 маусымнан 25 тамызға дейін; кешкі және сырттай оқу формалары — 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін; шығармашылық дайындауды қажет ететін мамандықтар бойынша — 25 маусымнан 20 шілдеге дейін; педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша — 25 маусымнан 15 тамызға дейін. 3) 3) Қызмет алушының құжаттар пакетін тапсыру үшін күтуге рұқсат етілген максималды уақыты — 15 минут. 4) Қызмет көрсетудің рұқсат етілген максималды уақыты — 15 минут.
4	Қызмет көрсетудің формасы	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / Қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:	Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат не Тізбенің 9-тармағында жазылған негіздерге сәйкес құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қолхат беру. Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама және СМС хабарлама жолданады.
6	Қызмет алушыдан алынатын төлем көлемі:	Тегін.
8	Құжаттар тізімдемесі:	Қызмет көрсетушіге жүгінгенде: 1. Құжаттарды қабылдау туралы өтініш. 2. Білім туралы түпнұсқа құжат. 3. 3x4 см өлшемді 4 фотосурет.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі
"Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"

4. 075-У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Денсаулық сақтау Министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы бойынша).
 - I, II топтағы мүгедектер мен бала кезден мүгедектерге арналған 031-У нысанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы.
5. Жеке басын куәландыратын құжат.

Қызмет көрсетушіге жүгінгенде берілетін құжаттар:

1. Құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
2. Білім туралы түпнұсқа құжат;
3. 3x4 см өлшемді сандық фотосурет;
4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама (бұдан әрі – 075-У) (Мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 21579 нөмірімен тіркелген), 1-ші немесе 2-ші топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектер үшін 031-У нысанындағы медико-әлеуметтік сараптама қорытындысы, сондай-ақ сол бұйрықпен бекітілген (бұдан әрі – 031-У) (Мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 21579 нөмірімен тіркелген);
5. Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, әскери қызметшілердің, сондай-ақ қызмет бабында қаза болған (өлімі болған) немесе жарақат, жарақат, контузия нәтижесінде мүгедектігі орнатылған медициналық қызметкерлердің балаларын (оның ішінде асырап алынған, бала қабылданған, бірге тұратын ащы мен жағалаушыларын) куәландыратын мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
6. Сандық құжаттар сервисінен алынған

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі
"Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"

электрондық құжат (жеке басын анықтау үшін)

Қызмет алушылар — шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ өз мәртебесін растайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелу белгісі бар құжаттарды ұсынады:

1. шетелдік — Қазақстан Республикасында тұруға рұқсат беру құжаты;
2. азаматтығы жоқ тұлға — азаматтығы жоқ тұлға куәлігі;
3. босқын — босқын куәлігі;
4. баспана сұраушы — баспана сұраушы тұлға куәлігі;
5. қандас — қандас куәлігі.

Портал арқылы:

1) қызмет алушының бір ата-анасының (немесе басқа заңды өкілінің) электрондық құжат түріндегі өтініші, оның өкілі электрондық цифрлық қолтаңбасымен (ЭЦҚ) расталған, және қызмет алушының нақты тұрғылықты мекенжайы көрсетілген;

2) Білім туралы құжаттың электрондық нұсқасы;

3) 075-У нысанындағы электрондық медициналық анықтамалар, 1-ші немесе 2-ші топтағы мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге арналған 031-У нысанындағы медико-әлеуметтік сараптама қорытындысы;

4) Арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, әскери қызметшілердің, сондай-ақ қызмет бабында қаза болған (өлімі болған) немесе жарақат, жарақат, контузия нәтижесінде мүгедектігі орнатылған медициналық қызметкерлердің балаларын (оның ішінде асырап алынған, бала қабылданған, бірге тұратын ащы мен жағалаушыларын) куәландыратын

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі
"Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"

	мәртебесін растайтын электрондық құжат. 5) 3x4 см өлшемді сандық фотосурет. Жеке басын куәландыратын құжат, білім туралы құжат, медициналық анықтамалар және қызмет алушының мәртебесін растайтын құжат туралы мәліметтер қызмет көрсетушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады. Портал арқылы өтініш жасағанда, қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету туралы сұраныстың қабылданғандығы туралы электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы расталған электрондық құжат түрінде хабарлама-хабар беріледі. Қызмет алушыға құжаттар қабылданғаны туралы, осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысанда, келесі мәліметтер көрсетілген түбіртек беріледі: 1) тапсырылған құжаттар тізімі; 2) құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және байланыс деректері. Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар тарапынан шектеу шаралары енгізілген жағдайда, төтенше жағдай жарияланған кезде немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған кезде, сол аумақтағы қызмет алушылар аталған шектеу шаралары алынып тасталғанға немесе төтенше жағдайдың аяқталғанға дейін осы баптың бірінші тармақшасының 4) тармағында және екінші тармақшасының 3) тармағында көрсетілген құжаттарды тікелей білім беру ұйымдарына тапсырады.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемесі: 1) Қызмет алушы мемлекеттік қызмет алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) ондағы деректердің (ақпараттардың) жалған немесе

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімдемесі
"Техникалық және кәсіби, орта арнаулы білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау"

		шындыққа сәйкес еместігі анықталған жағдайда; 2)Қызмет алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті материалдар, объектілер, деректер мен ақпараттардың осы Ережелерде белгіленген талаптарға сай еместігі жағдайында; 3)Қызмет алушыға қатысты заңды күші бар сот шешімі бар, оған сәйкес қызмет алушы мемлекеттік қызмет алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған жағдайда; 4)Қызмет алушы Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті шектеулі қолжетімді жеке деректерге қол жеткізуге келісім бермеген жағдайда.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын басқа талаптар:	1)Қызмет алушы электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болған жағдайда немесе порталда тіркелу кезінде ұялы байланыс операторынан алынған абонент нөмірін порталды есептік жазбаға қосу арқылы бір рет қолданылатын құпия сөз арқылы расталған жағдайда мемлекеттік қызметті электрондық түрде портал арқылы ала алады; 2)Қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинет" режимінде, қызмет көрсетушінің анықтамалық қызметтері арқылы және Бірыңғай байланыс орталығының (1414, 8-800-080-7777) көмегімен қашықтан ала алады.

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімнің
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
2-қосымша

Нысан

«Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК
(Тобыл қаласы, Терешкова көшесі, 15/4)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылғы 15
сәуірдегі №19-1 Заңының 19-1-бабына сәйкес, техникалық және кәсіптік, орта
арнаулы білім беру ұйымы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының
№19-1 бабын басшылыққа ала отырып, тезникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымы

(тұрғылықты мекен-жайы)

Сіздің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптар тізбесіне сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбағаныңызға
және (немесе) қызметін көрсету үшін қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда

Жоқ құжаттардың атауы:

1. _____;
2. _____;
3. _____;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Білім беру ұйымы қызметкерінің (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),
(қолы)

Орындаушының Т.А.Ә. _____

Телефоны: _____

Алдым: Т.А.Ә./көрсетілетін қызметті алушының қолы: _____

20 жылғы «_» _____

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімнің
білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
3-қосымша

Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды алынғаны туралы қолхат

«Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК
(Тобыл қаласы, Терешкова көшесі, 15/4)

Құжаттардың қабылданғаны туралы қолхаттың № _____ қолхат

_____ мынадай құжаттар алынды:
(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса))

1. Құжаттарды қабылдау туралы өтініш _____
2. Білім туралы түпнұсқа құжат «» _____ жс./жс. № _____ берілген/берілді _____
3. 3х4 см өлшемдегі 4 дана фото сурет _____
4. № 075-У формасындағы медициналық анықтама _____
5. Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын анықтау үшін) _____

Алдым: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) _____ (қолы)
20 жылғы «_» _____

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімнің

білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
4-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім
мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

Техникалық және кәсіптік білім мамандығын ың коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пәннің атауы:			
		Негізгі орта білім (жалпы негіздері)		Орта білім(жалпы орта)	
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	Алгебра	Физика	Алгебра және анализ бастамал ары	Информати ка
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	Алгебра	Физика	Алгебра және анализ бастамал ары	Информати ка
07210200	Сүт және сүт өнімдерін өндіру	Химия	Биология	Химия	Биология
08110100	Агрономия	Биология	Химия	Биология	Химия
08210100	Орман шаруашылығы	Алгебра	Биология	Химия	Биология
08410100	Ветеринария	Биология	Химия	Биология	Химия
10130300	Тамақтануды ұйымдастыру	Алгебра	Биология	Алгебра және анализ бастамал ары	Биология

Техникалық және кәсіптік,
орта білімнен кейінгі білімнің

білім беру бағдарламаларын іске
асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына
5-қосымша

Электрондық өтініш нысаны

Түсушінің аты-жөні _____

ЖСН _____

Байланыс телефоны _____

Бірінші мамандықтың атауы және коды, ТжКОББ ұйымының атауы

Екінші мамандықтың атауы және коды, ТжКОББ ұйымының атауы

Үшінші мамандықтың атауы және коды, ТжКОББ ұйымының атауы

Төртінші мамандықтың атауы және коды, ТжКОББ ұйымының атауы

Негізгі білімі _____

Оқу тілі _____

Қабылдау квотасы қарастырылған _____
(қажетті санатты белгілеу қажет)

Конкурс өткізу жөніндегі Бірыңғай нұсқаулықпен таныстым.

Дербес деректерді жинақтауға, өндеуге келісім беремін: иә (жоқ)



БЕКІТЕМІН

«Қостанай ауылшаруашылық колледжі» КМҚК директордың м.а.

Д.Дуйсубаева

2013 жылғы «08» 07

Шетел азаматтары үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары үшін міндетті және бейінді пәндердің тізбесі

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Міндетті пәннің атауы:	Бейіндік пәннің атауы:			
			Негізгі орта білім (жалпы негіздері)		Орта білім(жалпы орта)	
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	Орыс тілі (бар болса) немесе оқу елінің балама тілдік пәні)	Алгебра немесе математика	Физика	Алгебра немесе математика	Информатика
07210200	Сүт және сүт өнімдерін өндіру		Химия	Биология	Химия	Биология
08110100	Агрономия		Биология	Химия	Биология	Химия
08210100	Орман шаруашылығы		Биология	География	Химия	Биология
08410100	Ветеринария		Биология	Химия	Биология	Химия
10130300	Тамақтануды ұйымдастыру		Биология	Химия	Алгебра немесе математика	Биология